



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

выбрал иной перевод «большой магазин». По нашему мнению, словосочетание «большой магазин» передает временную примитивность детского мышления, ведь описываются мысли маленькой, четырехлетней девочки, тогда как использование конкретного перевода отяжелило бы предложение.

Несомненно, что создание искусного перевода требует не только результат таланта, но и кропотливого труда. Использованные Норой Галь переводческие трансформации не исказили текст оригинала, наоборот, полно и ярко передали стиль и смысл произведения. Как писала Евгения Таратута, «Нора была великая труженица. Она не шла на уступки и компромиссы, если, с ее точки зрения, они могли ухудшить книгу. Она часами и днями искала необходимое верное решение» [4]. Переводчик – первый толкователь автора. От того, как переводчик проникнет в замысел автора, зависит выбор каждого слова, строй предложения, и иные, казалось бы, незначительные мелочи. Ю. Яхнина отмечает у Норы Галь стремление «к уточнению, детализации, расширению фразы и к стягиванию, усилению сдержанности» [5 с. 19]. Отмечает «сжатость и упругость фразы» Н. Галь. По ее мнению, Н.Галь «как бы спорит в лаконизме с самим автором». Нора Яковлевна сделала бесценный подарок русскоязычным читательницам, поместив в свою шкатулку избранного роман Колин Маккалоу «Поющие в терновнике».

Список использованных источников

1. Маккалоу К. Поющие в терновнике – Алма-Ата, 1992, С. 24-620
2. McCullough C. The Thorn Birds. – Inc. Library of Congress:1977, С. 2 - 764
3. Галь Н. Слово живое и мертвое – М.: Международные отношения: 2001, С. 368
4. Сайт союза молодых литераторов: URL:/ <http://www.vavilon.ru/noragal/> (дата обращения 22.03.2015)
5. Кузьмина Э.Б. Нора Галь. Парадоксы книги и судьбы // М.: «Наша улица» №93 (8), 2007, С. 2 - 20.

УДК 81.33

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ПАРЕМИЯЛАР МЕН ОЛАРДЫҢ ТІЛДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

Ганиұлы Ернұр

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Аударма ісі» мамандығы, 4 курс студенті, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Сәтенова С.К.

Мақал-мәтелдер басқа да нақыл, қанатты сөздер тәрізді халықтың рухани байлығын, дүниетанымын білдіреді. Мақал-мәтелдер тіл білімінде паремия деген атаумен де белгілі.

Мақал-мәтелдерде халықтың тарихы, тұрмыс-тіршілігі, ақыл-өнегесі, даналығы мол көрініс тапқан. Аталмыш тілдік бірліктерге айтылар ойдың нақтылығы, көркемдігі, бейнелілігі тән және белгілі бір ұйқасқа құрылады.

Мақал-мәтелдердің шығу тәркісіне келер болсақ, олардың өзіндік сыры, қалыптасу тарихына бар. Зерттеу деректеріне сүйенер болсақ, олар даналығымен, қара қылды қақ жарған әділдігімен елге танымал болған билердің, көргені мен түйгені көп дуалы ауыз қарттардың, от ауызды, орақ тілді шешендердің, ел құрметіне ие болған ақын, жазушылар мен жыраулардың «тоқсан ауыз сөзінің тобықтай түйіні» болып табылады.

Мақал мен мәтелдер әртүрлі дәуірлердегі нақты өмір шындығына, халықтың дүниетанымына сәйкес келіп отырады. Мақал-мәтелдер басқа да сияқты құрамын сақтап қолданылады, олардың сөздерінің орнын ауыстыруға болмайды. Олар қай тұрғыда болсын, я морфологиялық, я синтаксистік тұрғыда болсын, өзгеріссіз, даяр күйінде қолданылады.

Мақал-мәтелдердің тіл білімінде, оның ішінде, қазақ және ағылшын тілдерінде әр

тұрғыдан азды-көпті зерттеліп келгені мәлім. Зерттеу нысанына қатысты еңбектерге тоқталар болсақ, мақал-мәтелдердің тілдік табиғаты, олардың басқа тұрақты тіркестермен ұқсастықтары немесе ерекшеліктері А. Байтұрсынов, І. Кеңесбаев, Р. Сәрсенбаев, Б. Адамбаев, Ә. Қайдар, С. Нұрышев, Ғ. Мұсабаев, М. Ғабдуллин, Ғ. Тұрабаева, салыстырмалы-салғастырмалы тұрғыдан А. Нұрмаханов, Э. Мұқышева, А. Донбаева, Д. Бегалықызының т.б. жұмыстарында қарастырылған.

Жалпы және орыс тіл білімінде В.В. Виноградов, Н.Н. Амосова, М.Т. Тагиев, Н.М. Шанский, Г.Л. Пермяков, Л.А. Булаховский сынды ғалымдар соны бағыт, ұстанымдарымен, құнды пайымдауларымен, нақты теориялық түйін-тұжырымдарымен белгілі. Ағылшын тіліндегі ұлттық болмыс және ұлттық таныммен тығыз байланысты тұрақты тіркестерді, мақал-мәтелдерді жан-жақты, түбегейлі зерттеген ғалымдар – Н. Барли, А. Дундэс, А. Крикман, М. Куузи, Г. Мильнер, А. Тэйлер, Г.Л. Апперсон, Линда және Роджер Флавэлдер.

Мақал-мәтелдер – қай халықтың да жан-дүниесінің, мінез-бітімінің, тыныс-тіршілігінің айнасы. Ғалымдар, қазақ даласына сапар шеккен саяхатшылар қазақ халқының сөзге шеберлігін, мақалдап, өз ойын көркем жеткізуге шеберлігін атап көрсетеді. Осы мәселе жөнінде көрнекті ғалым Ш. Уәлихановтың “Тәуір деген әрбір би мен төре мақалдап сөйлеуді сүйеді және қатардағы қазақтармен сөйлескенде, тіпті кез-келген сөзінде оны көп қолданады” деген пайымдауы сөзімізге дәлел іспеттес [1,185].

Х. Досмұхамедұлы “Қазақтың мақал-мәтелдері ағыл-тегіл көптігімен және өткірлігімен ерекшеленеді. Ойды әдіптемей, мақал-мәтелді араластырмай, ақыл-нақылды қоспай, күлтелемей сөйлейтін қазақ кем де кем болған десек, артық кетпеген болар едік. Азды-көпті шешен сөйлейтін кез келген қазақ өз сөзінде мақал-мәтелге жүгінуге тырысқан, ал билер мен ел ішіндегі ділмарлардың сөздері халықтық мақалдар мен мәтелдерге тұнып тұратын” деп, жоғарыда айтылған ойды талдап-таратып, басқа халықтармен салыстыра алғанда, ерекше көзге түсетін қазақ табиғатына тән, танымал қасиетті атап көрсетеді [2,28].

Халықтың сөздік қорының байлығын танытатын мақал-мәтелдер уақыт озған сайын ықшамдалып, аз-кем өзгерістерге ұшырауы мүмкін. Дегенмен, көркем де ықшам тілдік бірліктер өскелең жас ұрпақты ұлтжандылыққа тәрбиелеумен қатар, танымдық тұрғыдан берері мол. берері мол.

«Ел мен елді татуластыру, өріс-қоныс, жер дауы, жесір дауы және т.б. билік- төрелік келісімдерде сөздің дәлелді, қисындылығымен қатар, тапқыр да тартымды болуына үлкен мән берген халық билері үкім сөздерінде екі жақтың даулары мен ұтымды жауаптарын, әдетте, ұйқасты мақал-мәтелдерді өз орнымен тиімді қолданып отырған. Атақты билердің ұзақ жылдарға созылған дау-дамайларды “екі-үш ауыз сөзбен” бітіріп, екі жақты да риза қылғаны туралы көненің көзі іспетті тарихи, мәдени мәні зор аңыз, әңгімелер халық арасында кеңінен таралған» [3,10].

Қазақтың: “Жауға барсаң, кесірді ал, дауға барсаң шешенді ал” деуінің сыры да осында жатса керек. Халық тапқырлықпен, орынды айтылған сөзге тоқтау қажеттігін ескертеді. Сондай-ақ қара қылды қақ жарған билерін қадірлеп, олардың кесімді, ұлағатты өсиет сөздерін жадында сақтауға тырысқан. Міне, қазіргі мақал-мәтелдеріміз бір кезде айтылған ұлағатты сөздердің бүгінге жеткен нұсқалары.

«Ағылшын мақал-мәтелдерінің ауқымды тобы қасиетті кітап Інжілден, В. Шекспир сынды ағылшын классикалық әдебиетінің ұлы тұлғаларының шығармаларынан, халықтық аңыз әңгімелерден бастау алады. Сондай-ақ, испан, француз тәрізді өзге мәдени қоғамдастықтардан ауысқан мақал-мәтелдер де паремиологиялық қордың толығына септігін тигізген. Бірақ филология ғылымдарының докторы Е. М. Верещагин тұжырымынша, ағылшын мақал-мәтелдерінің тарихи бастауын Шекспир туындыларына апарып тіреуге болмайды. Қарапайым халықтың күнделікті тұрмысында ауыз ба ауыз қолданылғанмен қағаз бетіне түспеді, сондықтан авторы жоқ. Ал сол мақал-мәтелдердің Шекспир сияқты танымал жазушылардың еңбектерінде қолданылуы, оларды автор бейнесінде көрсетеді. Ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдердің бір ерекшелігі құрамында елді-мекендердің, атаулары мен кісі

есімдері жиі кездеседі және де тарихи оқиғаларға негізделген» [4, 52].

Ағылшын тілінде мақал мен мәтел деп бөлмейді, ал қазақ тілінде бұл ұғымдардың өзіндік ерекшеліктері бар. Мақал – толық аяқталған ойды білдіреді және ақыл, өсиетке негізделеді. Ал мәтел айтылар ойды тұспалдап, астарлап жеткізеді.

Сондай-ақ, қазақ тілінде де ағылшын тілінде де мақалдар көбіне екі тармақты болып келеді. Қазақ мақал-мәтелдерінде айтылар ой кейде басқа бір жағдай, не құбылыспен салыстырыла жеткізіледі, мұны тілдік ерекшеліктер қатарына жатқызуға болады.

Туыс емес әртіптес тілдердің өзінде де балама мақал-мәтелдер кездеседі, себебі адамгершілік, достық, татулық, т.б. жалпы адамзатқа ортақ дүниелер. Абсолютті, яғни теңбе-бең балама мақал-мәтелдер сиректеу кездеседі, алайда мағыналас тіркестер қатары баршылық. Мысалы:

*Жақсы әйел жаман еркекті би етеді,
Жаман әйел жақсы еркекті құл етеді;*

A good wife makes a good husband.

*Әкеге қарап ұл өсер,
Шешеге қарап қыз өсер;
Like mother, like daughter.*

*Уақыт желден жүйрік.
Time flies.*

*Уақыт – емші.
Time is a great healer.*

Қорыта айтқанда, халық даналығының, көрегендігінің айнасы болып табылатын мақал-мәтелдер аз сөзбен терең мазмұнды жеткізеді.

Қазақ мақал-мәтелдерінің шығу төркіні бір кезде өмір сүрген дуалы ауыз билердің, ақын-жыршылардың сөз үлгілерімен, жұмбақ, діни мазмұндағы шығармалармен, қоғам қайраткерлерінің қанатты сөздерімен тығыз байланысты.

Ағылшын мақал-мәтелдерінің ауқымды тобы қасиетті кітап Інжілден, ағылшын классикалық әдебиетінің ұлы тұлғаларының шығармаларынан бастау алады.

Әртіптес тілдердің мақал-мәтелдерін салғастырмалы түрде зерттеу жұмыстары жалпы тіл білімін теориялық тұрғыдан соны тұжырымдармен толықтыра түседі және кейбір практикалық мәселелердің шешімін табуына септігін тигізеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1985, 185-б.
2. Досмұхамедұлы Х. Аламан. Алматы: Ана тілі, 1991. 28-б.
3. Жүсіпова Р. Ағылшын және қазақ мақал-мәтелдерінің этнолингвистикалық сипаты. Канд.дисс. –Алматы, 2004, 171б.
4. Сейдикенова А.С. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі дінге байланысты мақал/мәтелдердің ұқсастығы мен айырмашылығы. http://www.rusnauka.com/39_VSN_2014/Philologia/7_182833.doc.htm

УДК 81.33

**ПРОИЗВЕДЕНИЕ А. ЕНИКИ «ГУЛЯНДАМ» В ТАТАРСКОМ И РУССКОМ
ЯЗЫКАХ: СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ**